

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:
Қ 22 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02
ББК 74.00

вопросы глубже, понимать различные точки зрения и формировать собственные убеждения.

Культивирование самостоятельности и ответственности является еще одной стратегией, направленной на развитие учебной мотивации старшеклассников. Ее реализация обеспечивается за счет оптимальной организации самостоятельной работы, когда для обучающихся разрабатываются задания, требующие анализа, критического осмысления и принятия решений. Это может быть исследование актуальной темы, написание эссе или подготовка презентации. Наблюдения и анализ продуктов деятельности учащихся показали, что такие задачи не только развивают навыки саморегуляции, но и способствуют формированию внутренней мотивации, так как ученики видят свои прогрессы и достижения

Таким образом, наш опыт свидетельствует, что развитие внутренней мотивации учебной деятельности старшеклассников – это многогранный и неоднозначный процесс, требующий индивидуального подхода и гибкости в методах работы. Создание совместной и поддерживающей учебной среды, использование проектного обучения, вовлечение в процесс реальных экспертов, применение информационно–коммуникационных технологий и активные обсуждения – все эти элементы способствуют усилению мотивации учащихся. В результате такой комплексный подход не только повышает интерес старшеклассников к учебе, но и формирует у них устойчивые навыки, необходимые для успешной реализации в будущем.

Список литературы:

1. Бим–Бад Л. И. Психология мотивации: учеб.пособие / Л. И. Бим–Бад. – Москва : КноРус, 2010. – 265 с.
2. Дьяченко И. А. Формирование внутренней мотивации у старшеклассников : дис. ... кандидата психологических наук / И. А. Дьяченко. – Санкт–Петербург, 2015. – 164 с.
3. Леви А. М. Психология учебной деятельности : учебное пособие / А. М. Леви. – Алматы : Издательство КазНПУ, 2018. – 240 с.
4. Рубцов А. Г. Теория и практика мотивации в образовании: монография / А. Г. Рубцов. – Екатеринбург : УрФУ, 2019. – 310 с.
5. Шахова Н. В. Современные подходы к развитию мотивации у подростков / Н. В. Шахова // Вестник педагогических исследований. – 2021. – № 4. – С. 34–40.

ӘОЖ 37.026.5

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА БІРТҰТАС ТӘРБИЕНІ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Кусаинова Мейрамгуль Маратовна

филология магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті

пәні мұғалімі, педагог–зерттеуші

Жакиянова Жанна Калтаевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог–сарапшы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Рудный қаласы білім бөлімінің

№11 жалпы білім беретін мектебі

Рудный қ., Қазақстан

Аңдатпа

Авторлар өз мақаласында «Біртұтас тәрбие» құндылықтарын сабаққа енгізу туралы өз тәжірибесімен бөліседі. Бұл ұлттық, адами құндылықтардың негізі болып табылады. Әрбір

мәтіннің тәрбиелік мәніне көңіл бөліп, оңтайлы тәжірибесін ортаға салады. Заманауи сабақты тәрбиемен ұштастыруды қарастырады. Жаңаша әдіс–тәсілдерді тиімді қолдану барысында жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар–ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулиды.

Түйінді сөздер: тәрбие, жауапкершілік, саналы, ұлттық, тұлға.

Аннотация

Авторы в своей статье делятся своим опытом внедрения в учебный процесс «Ценности целостного воспитания». Это является основой национальных и человеческих ценностей. Уделяется особое внимание воспитательному смыслу каждого текста, при этом делятся своим положительным опытом. Рассматривается сочетание современного урока с воспитанием. При эффективном применении новых методов и подходов учат стремиться к добру, благородству, высокой чести, совести, ответственности, милосердию, заботе и справедливости.

Ключевые слова: воспитание, ответственность, осознанность, национальный, личность.

Abstract

In his article, the author shares his experience of integrating the concept of unified educational values into the lesson. This serves as the foundation for national and human values. He pays attention to the educational meaning of each text, sharing his positive experience. He considers the combination of modern teaching with moral education. By effectively applying new methods and approaches, he encourages students to aspire to goodness, nobility, honor, conscience, responsibility, kindness, care, and justice.

Key words: education, responsibility, awareness, national, personality.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде ғұлама ойшылдар, би–шешендер және ақын–жыраулардың саналық болжамдарының, психологиялық пайымдаулары мен педагогикалық тұжырымдарының өшпес ізі жатыр. Білім беру жүйесінде біртұтас тәрбие құндылықтарын сабаққа енгізу мақсаты негізге алынып отыр. Өмір бойы іздену, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыру – мұғалімнің басты міндеті деп білеміз. Осы орайда ой–өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда 40 минуттық сабағында қазіргі заманғы білім берудің белсенді әдіс–тәсілдерін қолдана отырып, жоспарлаған мақсатына сай нәтижеге жету жолында тәрбие мен білімді ұштастырып отыру қажет. Шәкірттердің біз үйреткен білімін тәжірибемен ұштастыра білуі, тиянақты білімдерін өзгермелі өмірде орнымен қолдана білуі, жағдаяттарға шешім қабылдауы, өз бетінше ізденіске талпынуы деп білеміз. Жаңартылған білім аясындағы әрбір тапсырмалар білім алушыларды ойландыру, өз беттерінше ізденіп оқуға баулып, табысты сабаққа қол жеткізу болып табылады. Сабақ барысында әр мәтінге тәрбиелік мәні тапсырмаларды жиі ұсынып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландырамыз. Жоғары сыныптарда әр пәннің оқушыларға берер танымдық тәрбиесі мол десек, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде құндылықтарақыл–ой, жауапкершілік, адалдыққа тәрбиелеуді дамыту мүмкіндігі зор. [1]

Биылғы оқу жылынан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы мектебімізде іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Себебі, қазіргі таңда оқушылардың бойында ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы–бүгінгі күнгі өзекті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»–ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Осы орайда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Оқу–ағарту министрлігімен бірлесіп әзірлеген біртұтас тәрбие бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиет пәнінде жүзеге асыруды жоспарлады. Тәрбие бағдарламасының негізгі идеясы, құрылымы, индикатор, принциптерімен жан–жақты таныстыра отырып, алдағы оқу жылындағы негізгі жұмыс бағыттарын айқындалды. Сабақта мәтінмен жұмыс жасағанда мақал–мәтел, даналық сөздердің

мазмұнын ашу барысында оқушыларды адалдыққа, жауапкершілікке, ынтымаққа шақыру дағдыға айналдырамыз. [2]

Бүгінгі күні әр сабағымызда Біртұтас тәрбие құндылықтарын тәжірибемізге еңгізу үстіндеміз. Сабақ барысында өткен көркем шығармалардан оқушылардың алған әсерін, өз Отанына деген патриоттың сезімін арттыруға тәрбиелеудің бір жолы ол «Ой толғау» әдісі. Бұл әдіспен жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыта отырып жауапкершілікке тәрбиелейміз. Мысалы, оқушылар шығармаларынан үзінділер келтірсем, «Менің елім – менің болашағым» тақырыбында оқушы ой–толғанысын былайша жеткізген: Мен елімнің болашағына, нұрлы келешегіне сенемін. Ол үшін ұлан байтақ Отанымның гүлденуіне үлес қосуға әрқашанда дайынмын. «Туған жер» тақырыбында: Ауылым – құтты мекенім. Әрбір адам өзінің кіндік қаны тамған, өсіп–өнген, қасиетті топырағында аунап–қунап ер жеткен, туған жерінің көркеміне үлес қосады. Мен де ауылымның болашағынан көп үміт күтемін. Ер жеткен соң ауылымның бір бұрышына кірпіш болып қалансам деген арманым бар дегені шәкіртім бүгіннен бастап өзіне жауапкершілік арқалап отырғаны емес пе? «Туған жердің топырағы да ыстық», Туған жерден топырақ бұйырсын деп, отансүйгіштік сезімді дәріптеген халқымыз «Отанды қорғау – азаматтық парызың» деген сөздер әр сабағымда көрініс табады. Ал «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», «Елін сүйген ер болар», «Ерлік білекте емес, жүректе» т.б. мақалдар өз елін жаудан қорғау үшін қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан Отанын қорғап қалу нағыз халқын сүйген әрбір адамның міндеті болатынын танытады. Ұлттық зердеміз бен ой–санамызға бойтұмар болар қасиетті рәміздеріміздің тарихын, мән–мазмұнын білу Отанын сүйген әрбір азаматтың перзенттік борышы. Себебі, мемлекеттік нышандар арқылы да оқушылардың бойына еліне сүйіспеншілік, мақтаныш, патриоттық сезімдер табанды сіңері хақ. Сондықтан да Туымыз, Елтаңбамыз сияқты халықтың қасиетті белгілерін оқушы қауымға қайталап оқытып отырудың артықтығы жоқ.

Осы орайда «Менің елім–Қазақстан», «Менің Қазақстаным–менің болашағым», «Елімнің ардақты белгілері, т.б. тәрбие сағаттарын өткізіп, шәкірттерге ұлтжанды, отансүйгіш рухта тәрбиелеуге өз үлесімізді қосып келеміз. Тарих тағлымына адалдық, би–шешендеріміздің үлгі–өнегесін беріктік, шешендікке, өз елін сүйуге деген құштарлық сөз өнерінің бір саласы әдебиет пәні арқылы жүзеге асады. Көркем шығармалар, ақын–жазушылардың өмірі мен шығармашылықтарын оқыту жеке тұлғаның өз елінің ұлылары мен халықтың тарихын тануына кең жол ашады. Әдебиетімізде ондай шығармалар көптеп саналды. Солардың бірі саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына деген махаббатын тек поэзияда ғана емес, өмірде де, күресте де үлкен азаматтық пен қорғай білген Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы. Ақын шығармасы өз ұлтын сүйетін жасқа үлгі болатын шығарма. Ұлттық құндылықтар, әдеби мұра, әдет–ғұрып, салт–дәстүр, мәдениет, өнер, тұрмыстық бұйымдар, ұлттық ойындар, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттер қазақ халқын өзге ұлттан ерекшеленіп тұратыны анық. Міне бұл арқылы сабақ барысында оқушыларды оқыта отырып тәрбиелей аламыз деп сенеміз.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар–ұят, талапсияқты құндылықтар аясында жұмыстар атқарылады. Бұл құндылықтарды әр сабағымызда назарда ұстап отырсақ ол біртұтас тәрбиеге қосқан үлесіміз болатыны анық. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал,

саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар–ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Дәл осы құндылықтарды өз тәжірибемізде мәтін аясында саналарына сіңіріп отырамыз. Тәрбие–ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қазақ тілі мен әдебиет пәнінде біртұтас тәрбие негізінде қадір–қасиет, ар–намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Өскелең жас ұрпақты рухани–адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Күтілетін нәтиже: халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт–дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. Міне осы орайда әр сабақта ұлттық құндылықтарды назарда ұстап келеміз. Мысалы, аңыз әңгімелер арқылы шыншылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелесем, мақал–мәтелдер арқылы адалдыққа, адамгершілікке бағыттаймын. Бағдарлама негізі бойынша оқушылар әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар–ұятты жоғары бағалайды.

Қазақ халқының да ғасырлық тарихи–мәдени жетістіктерінің рухани байлығын, жанына біткен еңбексүйгіштік, имандылық, бауырмалдық, қонақжайлық, т.б. қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәжірибесі бар. «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» деп ҚР Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай баланы жастан тәрбиелеу керек. Осы орайда бағдарламаны пәнге енгізу адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде адамгершілік, эстетикалық тәрбие, білім беру ісін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді деген ойдамыз. Мұндай игі бастама қазірдің өзінде білім мазмұны мен әдістеріне, оқу жоспарларына жаңалықтар мен өзгерістер әкелетіні анық. Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі алға қойылған басты міндет. [3]

Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар–бүгінгі мектеп оқушысы. «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп айтқан Әл–Фараби бабамыздың сөзінің астарында терең мән жатыр. Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі. Күнделікті сабақ жоспарымызда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Ата–бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл–кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру, сезімін ояту біздің басты мақсатымыз. Яғни, бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Ұлттық құндылықтарды, салт–дәстүрді сақтау дегеніміз ұлттық сананы сақтау. Тәрбие – бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс.

Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз! Осы бағдарлама аясында өз жоспарымызда тақырыптарды құндылықтарға негіздедік. Сабақ барысында ұлттық ойындарды көбірек кіргізсек, біртұтас тәрбиені жүзеге асырып отырамыз. оқыту процесінің нәтижелі болуы

оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс–тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. [7, 26] Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс–тәсілдерді мән–мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық. Заманауи оқыту үрдісінде пәнге біртұтас тәрбие құндылықтарын енгізсек, болашақта ар–ұяты мықты, саналы, жауапкершілігі мол шәкірт тәрбиелей алатынымыз сөзсіз. Оқушыларға танымдық тәрбие берудің алғашқы баспалдағы деп оқытудағы саналылық принципін атауға болады, себебі әдебиетті оқыту барысында тәрбиелік міндеттердің де шешілетіні белгілі. Әдеби шығармаларды меңгерудегі саналылық оқушының дүниетанымдық көзқарасының, мінез–құлқының қалыптасуында маңызды орын алады. Табиғат құбылыстарының, қоғамдық–әлеуметтік өмірдің мәнін, заңдылықтарын терең түсінудегі өздігінен өзінің білім дағдылары мен іскерлігін жетілдірудегі оқушының әрбір қадамы оның дүниетанымдығын кеңейте түседі. Сондықтан өтілгелі отырған тақырыппен сабақта келетін қызықты оқиғалар, ақын–жазушылар өмірінен қосымша мәліметтер, естеліктер, тарихит – деректі әңгімелерді қызықты етіп әңгімелеу немесе оқушылардың өздерінің олармен танысуына кеңес беріп отыру үнемі қажет. Мұндай жұмыс олардың пәнге деген қызығуын арттырады, әдеби шығармаларды оқу, өмірбаяндары туралы естеліктерді іздене жүріп оқу баланың өмір талабына айналады, сөйтіп оның азаматтық қалыптасуына әсер етеді. Әдеби шығармаларды өту барысында оқушыны шығармашылық іскерлікке баулу, әртүрлі құбылыстарды, оқиғаларды, ерекшеліктерді байқай білуге және олар жөнінде қорытынды жасай білуге үйрету танымдық тәрбиенің басты құралы деуге болады. Жоғары сыныптарда оқушылардың көркем туындыны қабылдаулары да жас ерекшелігіне байланысты болады. Бұл жастағылар өздерін еркін сезінеді. Әр баланың өзінің сүйетін жанры, тақырыбы айқындалады. Оқығандарына сынмен қарайды, оны өмірді түсінудің бір құралы деп қарайды, сондықтан одан өз сауалына жауап іздейді.

Абайдың өлеңдерін тақырыптары бойынша өздері топтау барысында Венн схемасын ұтымдылықпен қолданып, модельдеу арқылы өздері кейде өзі үшін «жаңалық» та ашып жатады, аудармаларын салыстыра талдау барысында көркем аударманың өзі әртүрлі болатынын, түпнұсқаға жақын немесе еркін аударма болатынын өте жақсы айырып жатады, поэтикалық талдаудан соң оқушылардың өздері де бір саты жоғарылап қалғандай боп қалады. Кейбір оқушылар шығарманы ғана түйіндеп қоймай, соған ұқсас басқа бір оқығанын да қоса әңгімелеп, таным көкжиегін кеңейте түседі. 10–сынып оқушылары үшін танымдық тәрбие негізі дәстүрден тыс сабақтармен байланыста жүргізіледі. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сөз бен сөйлемді, тұрақты тіркес пен мәтінді меңгерту үшін оқушыға ой салу, ойланту, өз пайымын тіл арқылы дәл, нақты, шешен жеткізе білуге жетелеу ұстаз тарапынан көп ізденісті қажет етеді. Мәселен, көркем шығармаға талдау, салыстыру жұмыстарында «Әңгіме кестесі» әдісі ең ұтымды әдістің бірі. Тақырыбы мен идеясы, кейіпкерлері, оқиға желісі, шешімі толық қамтылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының шығармашылық қабілетін ашуға, қызығушылығын арттыру үшін түрлі жазба жұмыстарын беруге болады. Қазақ тілінен суретке қарап мәтін құрау, мәтінге тақырып қою тапсырмалары жиі орындалатын болса, мәтіннің белгілі бөлігін беріп, әңгіме мазмұнын ары қарай жалғастыру, РАФТ әдісі бойынша әңгіме құрастыру ұсынылады. Ең үздік жұмыс «автор орындығына ұсынамын. Оқушылар жақсы тұстары мен кемшіліктерін айтып, бір–бірінің

жұмыстарына баға береді. Сонымен қатар әдебиет сабағында көркем шығармаға тақырыптық–мазмұндық талдау жүргізгеннен кейін, шығармадағы жағымды, жағымсыз кейіпкерлер бейнесі оқушылардың жан дүниесіне әсер етеді. Шығарманың кейіпкеріне деген көзқарас пайда болады. Ой толғаныс кезінде жазылатын жұмыстың бірі –«Кейіпкерге хат» әдісі. Мәселен, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» мәтінінде Қожаға, Жантасқа, Майқанова апайға хат жазу арқылы кейіпкердің іс–әрекетіндегі ерекше ұнаған жерлерін айтып, енді бірде келіспейтін кемшілігін де айтып сыр бөлісті. Ой толғаныс сатысындағы жазылатын эссе – оқушыларымның ең бір сүйікті ісі. Мен олардың эсселерін оқи отырып, авторға сұрақ тастай отырып жазатынын аңғардым. Мысалы, С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып «өлеңін оқи отырып алған әсерім, «Қобыланды жырын» оқи отырып «Егер мен батыр болсам» т.б. осы тапсырмаларды қызыға орындайды. Мысалы, 10–сыныпта М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын өткенде, поэма тақырыбы мен идеясына талдау жұмысын жүргізгеннен кейін, кейіпкерлер іс–әрекеті арқылы баға беру, мінезін ашуда мынадай сауал бердім: «Аққу –киелі құс саналады. Бірақ ана осы аққудың киелі екенін біле тұра атты. «Ананың іс–әрекеті дұрыс па?» Мұнда «Дискуссиялық карта» әдісін пайдаландым. «Үш қадамды сұхбат «әдісі де өтілген жаңа сабақты қорытындылауға, өз пікірін дәлелдеуге, өз ойын еркін жеткізе білуге үйретеді. «Кубизм» әдісінде қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолдануға болады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында «Пирамидалық кесте», т.б. әдістер тиімді деп ойлаймыз. Бұл әдістерді оқушының жас ерекшелігіне, сабақтың мазмұнына қарай қолдануға болады. Қандай тақырып болмасын ең бастысы тәрбие құндылықтарына көңіл бөлген жөн. Қазіргі таңнан ұлттық құндылықты бойына сіңірген оқушы болашақта жауапкершілігі мол жеке тұлға қалыптасары сөзсіз. [4]

Тәрбие–ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір–қасиет, ар–намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани–мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет–ғұрып, салт–дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет–ғұрпын, мәдениетін түсіне алады.

Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет–ғұрып, салт–санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ұлттық сана–сезім, ұлттық патриотизм әр адамды, әр халықты ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет–ғұрып, ұлттық салт–дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Егер бір ұлттың бір бөлшегі басқа жерде, я өз Отанында бөлек ұлттың сана–сезімі негізінде тәрбиеленсе, онда ол қоғамның мүшелері басқа ұлттың әдет–ғұрпын, салт–дәстүрін қабылдайды, біраз уақыттан кейін сол ұлтқа сіңіп кетеді. Сондықтан халықты ұлт ретінде сақтайтын жалғыз жол бар. Ол жол–жас ұрпақты ұлттық сана–сезім негізінде тәрбиелеу. [5]

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі–ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын–мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес–он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан

ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында оқушылардың ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді. Мұндағы мақсат–жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген адал азамат қалыптастыру. Қазіргі таңда мектебімізде жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстарының мазмұны ұлттық мүдде, ар–намыс, ризашылық, жауапкершілік және алға ұмтылыс сияқты құндылықтар көрініс тапқан. оқу–тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру жолдарының маңыздылығын алға тартып, болашақ ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды, отан сүйгіштікті, еңбек қорлықты, жауапкершілікті сіңіру бағытында жауапты да нәтижелі межеге бірлесіп жетуге шақырып отыр. Біртұтас тәрбие бағдарламасының ерекшеліктеріне тоқталып өтетін болсам: тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Түйіндеп айтатын болсақ, «қолымызды мезгілінде дөп сермеуіміз керек». Өйткені ата–бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл–кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту баршамыздың парызымыз. Бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Ендеше, тіл маманы ретінде ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелеуде күш–жігерімізді аямайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Сағындықұлы Б. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы, 2018 ж.
2. Жүнісбек Ә. «Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім», «Қазақстан мектебі» №4, 2008ж
3. Сманқұлова Ж., Саметова Ф. Оқудың инновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал. Алматы–2014
4. Қамзина М. «Дамыта оқыту технологиясы». / Тәрбие құралы 2005 ж, №4
5. Республикалық «Ізденіс жолы» журналы, No08 (15) сәуір 2024 ж. URL: www.iiia.kz

ӘОЖ 371.32

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА УАҚЫТ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМДІК, ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ ДАМУШЫЛЫҚ РӨЛІ

Кушмурзина Даметкен Хажмухановна
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
Жусупова Инкар Алликовна
3 курс студенті
«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ


Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Аңдатпа

Бұл мақалада уақыт өлшем бірліктерін оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларына белгілі бір уақыт туралы білім–білік, дағдылармен қатар тәрбие берудің мәні мен мазмұны айтылып, оның сынып аралық енгізілу ерекшелігі қарастырылады. Математикалық теория мен тәжірибенің байланысын жүзеге асыруда кіші мектеп жасындағы оқушылардың уақыт туралы түсініктерін кеңейту және тереңдетудің, танымдық қызығушылықтарын дамытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі көрсетілген.

Түйінді сөздер: білім беру, тәрбие, ұлттық құндылықтар, математика сабағы, уақыт өлшем бірліктері, уақытты болжау, үнемдеу.

**ҚР БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН
ЕНГІЗУДІҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**



**ЛУЧШИЕ ПРАКТИКИ ВНЕДРЕНИЯ ЕДИНОЙ ПРОГРАММЫ ВОСПИТАНИЯ В
ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ РК**

Абдильманова Дина Салимовна	Балабақшадағы балаларға эстетикалық тәрбие берудегі ұлттық өнердің маңыздылығы	1051
Абдрахманова Майя Жетписбаевна	Оценка прочитанной информации для развития аргументированного монолога через использование несплошных текстов	1055
Абилькаримова Жанар Казикановна	Роль образовательных кружков в реализации воспитательной стратегии начальной школы: методы, подходы и перспективы	1060
Абсолямова Гульнара Владимировна, Елеусизова Гульнара Досумхановна	Роль взаимодействия школы и семьи в системе реализации Программы целостного воспитания «Біртұтас тәрбие»	1066
Алғалиева Гүлжанат Султанқызы	Біртұтас тәрбие – жаңа қадам, мүмкіндіктер мен жетістіктер	1071
Алибекова Алина Гаджикурбановна	Эффективные методы и практики внедрения программы «Біртұтас тәрбие» в дошкольной организации	1076
Атоварова Юлия Анатольевна, Альмеева Елена Валерьевна	«Мультимедийная журналистика» в современной школе: практика воспитания ключевых ценностей в рамках единой программы «Біртұтас тәрбие»	1079
Ахметқали Гүлдана Серікқызы	Единая программа воспитания и её адаптация для нужд детей с расстройством аутистического спектра в системе образования Республики Казахстан	1084
Вертянкина Любовь Васильевна, Макаева Кристина Владимировна	Погружение в языковую среда через использование на занятиях национальных игр	1088
Герасимова Ольга Юрьевна	Интеграция ценностно–ориентированных подходов единой программы воспитания «Біртұтас тәрбие» в развитие исследовательской инициативности младших школьников	1091

2 СЕКЦИЯ

Гималетдинова Умут Асыгатовна, Есенова Кинжекуль Омаровна	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды баулу аспектілері	1096
Данченко Татьяна Владимировна, Жиенбаева Алёна Владимировна	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	1100
Дильдибекова Гульнара Айсәевна, Койшина Айман Мухамеджановна	Образовательный терренкур «Экотайм» как одно из условий развития экологических дошкольников	1104
Досмаилова Светлана Султановна, Нургазина Айгерим Жумагазиевна	Сабақта және сабақтан тыс уақытта тәрбиелеудің құндылықтарын жүзеге асыру негіздері	1109
Едревская Людмила Валерьевна	Воспитание активного читателя на примерах взаимосвязи литературных произведений как средство реализации Национального проекта «Балалар кітапханасы»	1113
Елдос Анар Нұрлыбекқызы	History of formation of official business style in the Kazakh language	1117
Ерекин Айдын Муратович, Хамзина Күлшат Бақытжанқызы	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жан –жақты тұла қалыптастырудың негізі	1120
Еришова Асыл Аубакировна	Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбиенің сабақтастығы	1123
Есенова Эльмира Есмагуловна, Хусайнова Жузира Мусиновна	Биология пәнінің тәлім –тәрбие берудегі рөлі	1127
Жайворонко Ирина Алексеевна, Ткач Надежда Алексеевна	Программа «БіртұтасТәрбие»: новые подходы и ценности воспитания в современной школе	1130
Жандауова Шолпан Еркиновна, Братышева Мария Владимировна	Использование информационных технологий на уроках математики как один из путей преодоления проблемы «клипового мышления» обучаемых	1135
Жумаева Алтын Сагингалиевна, Сәлімжан Аңсағаным Сәлімжанқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын енгізе оқытудың әдістері	1141
Жунусова Гулбаршын Кабылжановна, Зарлыханова Алмагуль Адильбековна	Жаңаша білім беру үрдісінде біртұтас тәрбиенің рөлі	1145
Жунусова Марина Яковлевна	Патриотическое воспитание в современной школе в рамках реализации программы «Біртұтас тәрбие»	1151
Заманбекова Алия Заманбековна	Білім беру ұйымдарындағы оқу–тәрбие үдерісінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары	1156

2 СЕКЦИЯ

Злая Элина Владимировна, Жандауова Шолпан Еркиновна	Utaigra – универсальный учебный ресурс, как средство формирования познавательного интереса к учебной деятельности	1161
Ибатова Айгуль Куанышбаевна	Роль куратора в адаптации студентов первого курса колледжа в контексте реализации программы «Біртұтас тәрбие»	1165
Иржанова Рыскуль Касымхановна	Көркем еңбек – ұлттық құндылықтың өзегі	1168
Искакова Гульжан Сагиевна, Алпысбаева Назым Сартонкызы	Мектеп оқушыларын рухани–адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұлттық тәрбие негіздері	1174
Исмагулова Эльвира Бахитбековна	Совершенствование двигательной активности дошкольников, имеющие нарушения речи посредством введения в систему физического воспитания нейроигр	1178
Кабылбекова Гульнара Саматовна, Картпаева Адина Армановна	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыруға болады	1183
Кадашева Шолпан Алпысбаевна, Щербаева Кундызай Сейткалиевна	Біртұтас тәрбие балабақшадан басталады	1186
Калиаскарова Индира Мияссаровна	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: балаларға ұлттық құндылықтар негізінде білім беру мәселесі	1190
Кашелюк Татьяна Ивановна	Программа «Буртутас тарбие: педагогические находки и практическое применение»	1193
Келинбердиева Ырсалды Сиехановна	Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы ұлттық тәрбиенің жүзеге асуы	1196
Клышбаев Серик Егинбаевич	Кейкі батыр – дала күресінің дара тұлғасы	1201
Коваленко Марина Викторовна	Инклюзивные практики в контексте реализации Единой программы воспитания в организациях образования	1204
Кункабаева Сарбинас Сериковна	Методы развития внутренней мотивации учебной деятельности как фактор академической успешности старшеклассников	1210
Кусаинова Мейрамгуль Маратовна, Жакиянова Жанна Калтаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбиені енгізу жолдары	1214

2 СЕКЦИЯ

Кушмурзина Даметкен Хажмухановна, Жусупова Инкар Алликовна	Бастауыш сыныпта уақыт өлшем бірліктерін оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі	1220
Лекерова Любовь Маратовна, Жандауова Шолпан Еркиновна	Ментальная арифметика как средство развития математической компетенции у учеников 1 класса	1227
Майстренко Валерия Юрьевна	Формирование ценностей воспитания среди детей и молодежи на уроках литературы в контексте программы «Біртұтас тәрбие»	1231
Мальцева Татьяна Александровна	Практика реализации программы воспитания в образовательных организациях высшей школы	1235
Мамырканова Мендыгуль Сартаевна	Роль исторического образования в формировании гражданской идентичности	1239
Махмутова Мархаба Даулетжановна, Молдахметова Алия Досымбековна	Исследование влияния метода триз на развитие креативного мышления учащихся 7 классов на уроках искусства	1243
Маркина Зейнеп Бакитжановна	Біртұтас тәрбиені негізге ала отырып Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқыту	1249
Михалькова Людмила Васильевна	Формирование творческих компетенций через вокальное исполнительство у детей дошкольного возраста	1253
Молдашова Айнагүл Баймұқанқызы, Калимжанова Роза Лаиковна	Роль воспитательных программ в профилактике профессионального выгорания среди курсантов и сотрудников ОВД	1256
Мукашева Альбина Бауржановна	Интеграция ценностно –ориентированного образования в преподавание математики	1262
Мурзабекова Келбет Бирмаганбетовна	Ұлттық құндылықтарды дамыту: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	1267
Мустафина Асель Сапарғалиевна, Абдулина Айгуль Сапарғалиевна	Идеи Ыбырая Алтынсарина в реализации программы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»	1270
Назарова Гулмира Куандыковна	Тәрбие–біртұтас үдеріс	1274
Нургазина Нургуль Отарбаевна, Тагаева Аружан Бауыржановна	Білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары	1278
Нуркина Батима Ауезхановна, Нугуманова Нургуль Куанышбековна	Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі	1281

2 СЕКЦИЯ

Обиух Мария Николаевна	Эффективные методы реализации программы Біртұтас тәрбие в условиях современного детского сада	1284
Осипова Бахиткуль Кайроллиевна	Біртұтас тәрбие негізінде оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету	1288
Полешко Татьяна Анатольевна, Миллер Татьяна Витальевна	Интеграция традиционных национальных ценностей в современные образовательные программы	1292
Рахимова Гизат Батыржановна	Изучение биографии и творчества Ыбырая Алтынсарина как инструмент привития общечеловеческих и национальных ценностей в контексте единой программы воспитания	1297
Редикульцева Юлия Владимировна, Бекмухамбетова Жанылдық Каирбековна	Использование методов и приемов технологии кроссенс в развитии креативного мышления у детей старшего дошкольного возраста	1301
Рогожина Татьяна Александровна, Ли Ляззат Абаевна	Дебаты – фундамент интеллектуального развития личности	1305
Сармурзина Алия Коныспаевна	Опыт применения стратегий развития метакогнитивных навыков у старшекласников	1308
Сикун Людмила Николаевна	Чат–ассистент GRT как инструмент планирования воспитательных мероприятий для детей с ООП в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	1313
Смирнова Анна Александровна, Земцова Наталья Анатольевна	Интеграция программы «Біртұтас тәрбие» в образовательный процесс на уроках математики	1317
Солоха Ирина Константиновна, Гавриляк Инна Михайловна	Ценности воспитания как основа гармоничного развития детей в начальной школе	1322
Тельгарина Айгуль Сарсеновна,	Ценности воспитания детей и молодежи в системе образования Казахстана: опыт, проблемы и решения	1327
Тлеулина Галия Жамалетдиновна	Педагогический опыт по реализации программы «Біртұтас тәрбие» в условиях дошкольной организации на занятиях музыки	1330

2 СЕКЦИЯ

Умарова Бибигуль Ахметкалиевна, Хасенова Мадина Маратовна	Ұлттық құндылықтар және оларды оқу үдерісіне интеграциялау	1335
Упорова Екатерина Юрьевна	Проектная деятельность как действенный способ формирования социальной ответственности студентов колледжей	1339
Усенко Галина Васильевна	Практика внедрения программы «Біртұтас тәрбие» через серию интерактивных интеллектуальных игр в образовательном пространстве школы	1343
Успанова Айнура Оразбековна, Молдахметова Гульнар Муратовна	Ұлттық ойын – ұлт болашағы	1346
Фарафонова Наталья Николаевна	Воспитательная работа в дошкольной организации на основе Единой программы воспитания	1350
Фоменко Александра Сергеевна	Практические аспекты формирования готовности педагогов к инклюзивному образованию	1352
Хамзина Күлшат Бақытжанқызы, Ерекин Айдын Муратович	Мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері	1356
Шагатаев Салмагамбет Елеубаевич, Урумбаев Куаныш Дулатович	«Lesson study» на уроках физической культуры	1360
Шамекешева Светлана Петровна, Эмомова Лилия Тимуровна	Воспитательный аспект современного урока русского языка и литературы в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	1365
Шудабаева Жанар Жумабаевна	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	1370
Юркова Светлана Владимировна	Значение кюя в музыкальном воспитании дошкольника	1373